

«М.А. Гендельманнның 110 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 19» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 19», посвященной 110 - летию М.А. Гендельмана» - 2023.- Т.І, Ч.ІІІ.- Б. 30-34.

ӘОЖ 101.1:316

ҚАЗАҚ ЭПОСТАРЫНЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ, ТАБИҒАТТЫ СҮЮГЕ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ РӨЛІ

Калдыбеков Е.Ғ., Аралханов Б.О.

*С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,
Астана қ.*

Көшпелі елдің барша тіршілік болмысы табиғатпен тамырлас. Жыл маусымдарымен санаса отырып, байлық бойынша тербеліп көшіп-қонуға бейімделген көшпелі қазақтың материалдық өндіріс жүйесі шаруашылықтың біртұтас құрылымын қалыптастырып, мұның өзі бір-бірімен өзара біте қайнасқан әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-мәдени жүйені орнықтырған. Мұндай жүйе барша өмір салтты, әлеуметтік тарихтың қарқынын, материалдық және рухани мәдениеттің төлтума қасиетін, салт-дәстүр мен талғам-танымды т.б. реттеп әрі өміршең етіп отырады.

Демек, көшпелі қазақтың барша тіршілік-болмысының табиғатпен тамырлас болуын олардың артықшылығы немесе кемшілік балаңдығы деп емес, тарихи даму барысындағы өмір сүрудің кепілі ретінде қарастыру керек.

Көшпелілер табиғат құбылыстарына, қоршаған ортаға қарсыласы ретінде қарамаған. Неғұрлым табиғат сырын терең танып, табиғатпен етене болған сайын өмір сүруге қолайлы мүмкіндіктердің де молая түсетінін жақсы білген. Сондықтан да олар табиғатты бағындыру арқылы емес, табиғатпен тіл табысу арқылы бақыт өмір сүруге болатынын таным-тәжірибе деңгейінде ғана біліп қоймаған, мұның өзі олардың моральдық-этикалық қалыптарына айналған. Сондықтан да, көшпелілер үшін қоршаған орта, тау-тас, өзен-көл, дала-орман, табиғат құбылыстары, тіптен аспан денелеріне дейін баршасы «тұлғаланған», «кейіптенген», немесе «жанданған» қалпында қабылданады. Мәселен Еуразия көшпелілерінің соңғы тұяғы қазақтар күні бүгінге дейін «күн күлімдеді», «жұлдыз жымындады», «күннің көзі», «таудың басы», «қамыстың саусағы», «жердің төсі», «судың беті», «жылдың басы», «жылдың аяғы», «шөптің тамыры», «ағаштың өзегі», «долы дауыл», «қатал қыс», «ерке самал» т.б. дейді. Немесе аспандағы айдың өзгерістерін қалт жібермей бақылап отыратын көшпелі-қазақ «ай туды», «ай толды», «ай сола бастады», «ай өлді» деп отырады. Айдың тууы мен солуының және толысуы мен солып жоғалуының арасы әрқайсысы 14 тәуліктен 24 тәулік болады. Яғни, 4 апта. Енді осыған қоса «өлген ай», мен «туған айдың» арасында көзге көрінбейтін екі тәулік бар. Әлгі «ай өлді» немесе «өліара» дейтіні осы. Міне, бұл сияқты

сөз тіркестерінің баршасы көшпелі-қазақтың қоршаған орта мен табиғат құбылыстарын тек қана «тұлғаланған», «кейіптенген» немесе «жанданған» қалпында қабылдайтынын көрсетеді [1].

Көшпелі шаруашылық жүйесі үнемі көшіп жүруге байланысты табынға жұмсалған қиын еңбекті атамағанда, ұйымдастыруы және пайдаланатын жайылымға үйлесімді де ұқыпты қарау жағынан күрделі болды. Бір орында малдың артық жайылуы және кем жайылуы қоршаған ортаға аса зиянды болғаны сияқты жайылым жерлерді малдың шектен тыс таптап тастауынан топырақтың нығыздалып кетуіне, немесе, мал тезегінің көптеп жиналуы, оның эрозияға ұшырауына әкеліп соқтырады. Сондықтан ғасырлар бойы түрік көшпелілері табиғатпен үйлесімді тепе-теңдікті сақтаудың айрықша әдісін қалыптастырды. Бұл дегеніміз, жайылым жерлерін таңдау, қыс мезгілінде өзен судың төменгі бөлігіндегі арнайы қалдырылған құнарлы шөптер. Қыстың суық күндері өздігімен жайылып жүрген табын қар астындағы шөпті жеңіл аршып алады.

Ал жазғы жайылым: бос, ашық алаңқайдағы жайылған малды шыбын-шіркейден құтқаратын желдің өтіндегі кеңістік.

Көктем мен күздегі көш қозғалысының жылдамдығы да есептелген, өрістегі малдың жағдайы мен жайылымға зиянды неғұрлым аз келтіру жайттары ескеріледі.

Өмір сүрудің мұндай түрі өзіне лайық дүниеқатынасты айқындайды, яғни, адам өзін табиғаттың тығыз бірлігінен тыс елестете алмайды. Өзін осы бүтіннің бір бөлшегі сезінеді, оған қайран қалып, оны қадір тұтады. Мұндай адамға Шоқан Уәлихановтың: «Табиғатты жалпы және жалқы түрде құрметтеу. Адам табиғаттың ықпал етуімен өмір сүріп, әрекет етеді... Табиғат пен адам, өмір мен өлім ғажайып таңданыстың негізі болған және әрдайым сарқылмас құпияға толы. Табиғат және адам! Айтыңызшы табиғат пен адамнан асқан керемет, әрі құпия не болуы мүмкін» деп айтып өткен сөзі лайық.

Олай болса дәстүрлі адам әрбір зат пен жанды болған әлемге таңданыспен, әрі қайран қалумен назар салды. Су, орман және таудың да өз иесі болды, сол сияқты, жануардың да өз иесі бар (Қамбар ата, Зеңгі баба, Шопан ата, Шекшек ата, т.с.). Адамды қоршаған дүние мен заттар тек белгілі бір қажеттілікті қанағаттандыратын құрал ғана емес, бәлкім өзіне тән жаны бар, адамның оларға белгілі бір қарым-қатынасы қалыптасады [2]. Бұл қатынас өз кезегінде халқымыздың жерге, айналасына яғни жалпы табиғатқа қатынасының әдебін қалыптастырды. Табиғатты кие тұтып, онымен байланысын тереңдете түсті. Нәтижесінде жеріне, суына, тау-тасына, орман-талы мен даласына, өзен-көліне т.б. деген сүйіспеншілігін қалыптастырды.

Батырлар жырында да туған жерге, еліне деген махаббаты назардан тыс қалмаған. Себебі, мұндай туған жерге деген сезім болмаған жерде «отансүйгіштік», Отаны мен халқы үшін жасалған «ерлік» ұғымдарының да мәні болмайды.

Халықтың патриоттық рухын жүзеге асыра отырып, батыр өзінің туған жерімен, ошағымен тығыз байланыста болды. Жорықтарда өз дұшпандарын жеңгеннен кейін батырлар туған ру-тайпасына оралуға тырысқан және әрдайым өз отанына оралған.

Туған жерге деген жан қиярлық махаббаттары қазақ эпостарында психологиялық тұрғыда шешіледі. Айтқанымыздай батырлардың жорықтарда жауларынан халқының тапталған намысы үшін кек қайтарып, айдап алып кеткен малдарын қайтарғаннан кейін де, бағалы олжаларға қарамастан туған жері мен еліне деген сағыныштары күшейе түседі.

Батырлар жырындағы басты қаһармандарың туған жеріне деген сүйіспеншілігі мен махаббаты Отанынан шалғай жерлерде ел мүддесін, намысын қорғап жүрген шақтарындағы еліне деген сағыныштары арқылы берілген. Тіпті отандарын еске алып жас төгеді. Мәселен, «Қобыланды батыр» жырында Қобыландының зынданда жатқан кезіндегі Қарлығаға берген жауабынан батырдың еліне, жер-суына деген махаббатын аңғаруға болады:

Жаз жайлауым – Көздікөл,
Қыс қыстауым – Қараспан,
Ат ізінен адаспан.
Алты жаста ат міндім,
Он үш жасқа мен келдім.
Аман қалған жоқ еді
Қызылбас тиіп жанасқан.

Сонымен қатар, жырдағы батырдың еліне, жеріне деген сағынышы, махаббаты мен сүйіспеншілігін айқындайтын тұсты жырдың мына бір үзіндісінде былай жырлайды:

Қош, Қараман, аман бол!
Қайтасың ба елдерге?
Бізден сәлем дегейсің
Азаулы деген көлдерге,
Асқар-асқар белдерге,
Қараспан тауды жайлаған
Қалың Қыпшақ елдерге!
Ел ішінде сәлем де
Замандас құрбы, теңдерге,
Ит жүгіртіп, құс салған,
Найза ұстаған ерлерге.
Және де сәлем дегейсің
Тұлпар мініп, ту алған
Елдегі жолдас бектерге.
Мені жауда қалды деп,
Аяққа кісен салды деп,
Үлкен аға, кіші іні
Зер салмасын біздерге.

Аһ, дариға, дүние-ай,
Асқар-асқар белдерім,
Азаулы деген көлдерім,
Қараспанды жайлаған
Қалың Қыпшақ елдерім! [3].

Осы сияқты бойындағы еліне, жер-суына деген махаббаты, мен сүйіспеншілігін бейнелейтін көріністер өзге батырлық дастандарда орын алған. Бұл құбылыс отансүйгіштіктің құндылық ретінде мәнін одан бетер тереңдете түседі.

Осындай құндылықтар бойына сіңірген жас буынды елін, жерін тек жат жерлік басқыншылардан қорғап қана қоюға бастамайды. Сонымен қатар, бейбітшілік кездерде де елінің жер-суын, табиғатын әрқашан қорғаштап, аялап жүретін, оларды саналы түрде тұтынатын, табиғатпен гармониялық қатынасқа бастайтын тәрбиелік мәні бар өнегеге айналады.

Қазақтың эпостық дәстүрі қалыптастырған Жиделі-Байсын туралы әлеуметтік қиял әпсананы еске түсіргіміз келеді. Тағдырдың тар жол, тайғақ кешулерінде қоңырат тайпасы Қаратау, Түркістан, Сыр бойынан бастап, Қарақалпақ, Үргеніш, Бұқар, Байсын жерлеріне дейін жол кешкені белгілі. Бұл кеңістікті олар жақсы біліп, әр жердің қасиетін таныған. Сондай жағдайда көшпенді елдің мал өсіруіне қолайлы, оты мол, суы мол, озбыр жаулардан қағаберіс жатқан Байсын өлкесін ерекше сағынышпен еске түсіруі табиғи құбылыс. Осындай аңсар уақыт өте келе бүкіл қазақ халқының әсем әпсанасына айналған. Қазақ халқы басына қайғылы күндер туған кездерде армандай алыс өлке – Жиделі-Байсынға көшіп кетуді де ойлаған. Жиделі-Байсын туралы «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған, жесір қатын мың қой айдаған» деген әуезе тудырған. Сонымен, Жиделі-Байсын халық көңілінде бейбіт өмірдің, молшылықтың символы, жерұйық, абат өлке секілденіп, сан буынның қиялын тербеген ұғым болып қалыптасқан. «Алпамыс жыры» айтылғанда Қоңырат, Жиделі-Байсын есімдерінің қатар жүруі дәстүрге айналған. Бұл атамалар ру, тайпа көлемімен шектелмей, бүкілхалықтық, бүкілқазақтық мағынаға ие болған [4].

Дала батырлары туған жеріне, өскен еліне өзінің бар күш-қайратын аянбай жұмсаған. Нағыз батырлар атта жал, түйеде қом қалмаған ауыр сәттерде елім деп бел буып, қаһарын қуып туған жерін, туған елін дұшпанын қорғап қалған. Ол шынымен де «Ердің ері», «батырдың батыры болды». Ердің ері бола отырып, қол бастады, жол бастады. Халқымыздағы батырлық өлшемі батырдың өз руы мен тайпасын қорғауы емес, жалпы қазақ елін, кең байтақ Отанын қорғауында, ізгілікке толы батылдығында болды. Оның мақсаты жерді, елді қорғау, келер ұрпаққа өмір сүру кеңістігін қалдырып, халық намысына дақ келтірмеу. Қазақ батырларымен танылды, ел ерлерімен есін жиды. Ерлерін медеу тұтқан, мақтан еткен, оларға сенім еткен де – халық. Батыры жоқ ел-жұрт етек-жеңін жия алмай жүрді.

Түптеп келгенде, олар байтақ жерді, бай салт-дәстүрлерді, шұрайлы тілді, қасиетті дінді қорғап, бабаларымыздың қаһарлығына лайықты сый-

құрмет көрсете отырып, келелі келбеттілерді риза етті. Қол бастаған батырлар мен сөз бастаған ақындарымыз, хан-билеріміз жас ұрпақтың жүрегінде жаңғыра бермек, жаңа тарихтан өз орындарын таппақ. Қазына көзі осында, тұлғалық төрі – тосын, кездейсоқ емес. Қаһармансыз батылдық келмес.

Сол себепті эпостардағы батырлар үшін жер тағдыры – ел тағдыр болды. Жырлардан бабалар заңында да осы жер дауы өмір үшін күрестің ең қажеттісі болғанын аңғарамыз. Көшпелі халық малмен күн көрген. Мал үшін жайлау, мол су көздері қажет болды. Өрісі кең болса, жердің тозбайтынын білген. Сол себепті мал өрісін өзгертіп, жердің шөбін ауыстырып отырған. Сол кезден-ақ олар жерінің экологиясына да көңіл бөлгенін байқаймыз. Бұл да жерін, табиғатын аялап, сүюдің белгісі.

Қазақ елі дүние есігін ашқаннан-ақ табиғатпен бірге өмір сүрген. Дала табиғаты оған көрегендікті, қырағылықты, жомарттықты, кеңдікті, байқағыштықты, зор дауысты, зейінділік пен алғырлықты, батырлықты сыйлаған екен.

Олар өзінің туған жерін қасиет санаған. Дүниеде әр тіршіліктің иесі бар, Ұлы Даланың да өз киесі бар деп түсінген.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақ халқының философиялық мұрасы. Жиырма томдық [Текст]: – Астана: Аударма, 2006. 7 т.– 544 б.
- 2 Бердібай Р. Бес томдық шығармалар жинағы. Эпос – ел қазынасы [Текст]: Бердібай Р. // – Алматы: «Қазығұрт», 2005. 1 т. – 464 б.
- 3 Қарақыпшақ Қобыланды батыр жыры [Текст]: құраст. Ө. Әбдіраман, ред. алқа: А. Әбенов. – Алматы, 2013. - 349 б.
- 4 Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау [Текст]: Оқу құралы. – Алматы: «Санат», 1997. – 464 б.